

6D011300-Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Қырбасова Эльзира Артыкбаевнаның «Болашақ биологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану («Дәрілік өсімдіктер және олардың қоры» элективті пән тәжірибесінде)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылыми техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Елімізде жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістер педагогикалық университеттердің білім алушыларының оқыту сапасына қойылатын талаптардың үнемі артуымен сипатталады.

Педагогикалық білім беруді жаңғырту және білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен жарақтандыру мәселелері Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Себебі, қазіргі әлеуметтік тапсырыстың маңызды ерекшелігі – білім берудің барлық деңгейлерінде оқу процесін сапалы және нәтижелі түрде жобалай алатын, қоғамның жоғары талаптарына бейімделе алатын, таңдалған кәсіби салада үнемі өзін-өзі дамытуға қабілетті білікті мамандарды қалыптастыру.

Осы орайда, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйекте «Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру: біріншіден, ХХІ ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн; екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу қажет; үшіншіден, кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған дұрыс екендігін баса айтып кетті.

Яғни, оқытудың және білім берудің қазіргі заманғы технологиясы саласында еліміздің білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру маңыздылығы артып отыр.

Болашақ мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану ақпараттық қоғамның қазіргі дамуында жоғары оқу орындарына қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Олай болса, ізденуші Э.А. Қырбасованың «Болашақ биологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану («Дәрілік өсімдіктер және олардың қоры» элективті пән тәжірибесінде)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бүгінгі күнгі әлеуметтік тапсырысқа сәйкес кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан болашақ мамандарды даярлаудың өзекті мәселесіне арналғандығы күмән туғызбайды.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу жұмысының мақсаты – *Aegorodium L.* туысына жататын дәрілік өсімдіктерді зерттеуде АКТ көмегімен болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалптастыруды теориялық тұрғыдан зерттеу, негіздеу, оны оқу үрдісіне енгізудің әдістемесін жасау және тиімділігін тәжірибе арқылы дәлелдеуге арналған. Жұмыстың мақсатына сәйкес, ізденуші зерттеу барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші нәтиже: Болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін саралағандығы;

Екінші нәтиже: Білім беру жүйесіне АКТ кіркітіру мен болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігін айқындауында;

Үшінші нәтиже: АКТ көмегімен *Aegorodium L.* туысына жататын дәрілік өсімдіктерді зерттеуі, электронды оқу құралын құрастыруы, BLAST компьютерлік бағдарламасымен жұмыс істеу нұсқаулығын даярлауы.

Төртінші нәтиже: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалптастыру әдістемесінің тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдегені.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Бірінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – ізденушінің болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін зерттеу нәтижесін қолданудың теориялық мәселесіне сәйкес нормативтік құжаттар мен ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып негіздегендігінде және жеке ойын тұжырымдап, өзіндік теориялық қорытындылар жасай білгендігінде;

Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – жоғары оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану тәсілдерін айқындау биологиялық білім берудің кәсіби құзыреттілікті қалптастыруға негізделетіндігін ашып көрсетуінде.

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – зерттеу жұмысының мазмұнын анықтауда ізденуші болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалптастырудың теориялық негіздерін және алғаш рет *Aegorodium L.* туысына жататын дәрілік өсімдіктердің биологиялық, фитохимиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттей отырып, оның нәтижелерін білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктерін саралағандығында, зерттеу нәтижелері бойынша жоғары оқу орындарының биология мамандығы білім алушыларына «Дәрілік өсімдіктер және олардың қоры», «Биоинформатика» элективті пәндерінің оқу бағдарламасы толықтырылып, «Дәрілік өсімдіктер және оның қоры» атты электронды оқу құралы мен «Биологиялық деректер базасы және BLAST бағдарламасымен жұмыс істеу әдістемесі» оқу-әдістемелік нұсқаулығының оқу үдерісіне ендірілгендігінде.

Төртінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – ұсынылған әдістеме эксперимент жүзінде тексеріліп, нәтижелеріне талдау жасалынып, тиімділігінің дәлелденуі және оның оқу үдерісіне ендірілуі.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Бірінші нәтиженің жаңашылдық деңгейі – биологиялық білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кіріктіруді ғылыми тұрғыдан зерттеуге арналған ғылыми-әдістемелік еңбектерге талдау жасалынып, нақты болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған;

Екінші нәтиженің жаңашылдық деңгейі – болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында *Aegorodium L.* өсімдіктерінің морфологиялық, фитохимиялық, генетикалық ерекшеліктері зерттеліп, алынған нәтижелер биолог мамандарды дайындауда АКТ пайдалану арқылы қолданысқа енгізілген;

Үшінші нәтиженің жаңашылдық деңгейі – жоғары мектепте биологиядан білім беру үдерісіне «Дәрілік өсімдіктер және олардың қоры», «Биоинформатика» элективті пәндерінің оқу бағдарламасы толықтырылып, «Дәрілік өсімдіктер және оның қоры» атты электронды оқу құралы мен «Биологиялық деректер базасы және BLAST бағдарламасымен жұмыс істеу әдістемесі» оқу-әдістемелік нұсқаулығының оқу үдерісіне ендірілгендігі;

Төртінші нәтиженің жаңашылдық деңгейі – болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда зерттеу нәтижелерін білім беру барысында қолданудың жолдары мен әдістері ұсынылып, әдістемелік жүйенің оқу процесіне ендірілгендігі, оның тиімділігін анықтаудағы эксперимент нәтижелері мен қорытындылары қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы

Зерттеудің теориялық маңыздылығы:

- «Болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымының анықтамасы мен негізгі компоненттері (коммуникативтік, зерттеушілік және АКТ құзыреттілігі) нақтыланып, болашақ биология мұғалімдернің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері (базалық, репродуктивті, креативті), критерийлері мен көрсеткіштері анықталды;

- алғаш рет Іле Алатауының тау бөктерінде өсетін *Aegorodium L.* өсімдіктерінің морфологиялық, фитохимиялық, генетикалық ерекшеліктері зерттеліп, алынған нәтижелер биолог мамандарды дайындауда АКТ пайдалану арқылы қолданысқа енгізілді;

- «Дәрілік өсімдіктер және оның қоры» атты электронды оқу құралы дайындалып, BLAST бағдарламасымен жұмыс жасаудың жолдары мен оның алгоритмі ұсынылды;

-кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізіліп, оның нәтижелері оқу үдерісіне ендірілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда «Дәрілік өсімдіктер және оның қоры» электронды оқу құралы мен «Биологиялық деректер базасы және BLAST бағдарламасымен жұмыс істеу әдістемесі» оқу-әдістемелік нұсқаулығы оқу үдерісіне енгізілді;

- аталған электронды оқу құралы мен оқу әдістемелік нұсқаулықты педагогикалық жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта дайындау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде, білім алушылардың өзбетінше білім алуында, биологияны оқыту процесінде кеңінен пайдалануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама

Диссертациялық жұмыс мазмұны бойынша ізденушінің жарияланған 16 еңбегі бар. Оның ішінде: 3 – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, 1 – Scopus және 1 Web of Science базасында анықталған журналдарда, 5 – Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 2 шетелдік конференция материалдарында, 1 – ғылыми-тәжірибелік конференцияда, 1 – ҚР ЖОО «Хабаршы» журналында жарияланған, 1 – оқу-әдістемелік нұсқаулығы шығарылған, 1 – электронды оқу құралы құрастырылған және 1 авторлық куәлік алынған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар

Жұмыстың жоғарыда аталып өткен оң нәтижелерімен қоса, оның мазмұны мен рәсімделуіне байланысты төмендегідей ескертпелер бар:

1. 5-кестеде АКТ көмегімен болашақ мамандырдың құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының мақсаттарын да атап кеткенде, ізденушінің жүргізген зерттеу жұмысының ерекшелігі айқын көрініс табар еді.

2. Диссертацияда орфографиялық және стилистикалық қателер кездеседі.

Бірақ, аталған кемшіліктер мен ескертпелер диссертациялық жұмыстың ғылыми-әдістемелік құндылығын төмендетпейді. Ізденуші зерттеу жұмысының мақсатын нақты қойып, қойылған міндеттерін толық орындаған. Диссертация тақырыбы өзекті, ғылыми қағидалары, қорытынды мен ұсыныстары негізді және шынайы.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі

«6D011300-Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Кырбасова Эльзира Артыкбаевнаның «Болашақ биологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану («Дәрілік өсімдіктер және

олардың қоры»элективті пән тәжірибесінде)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының тұжырымдары нақты және дәйекті, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталған, қолданбалы мәні бар аяқталған жұмыс екендігін негізге ала отырып, оның авторы Қырбасова Эльзира Артыкбаевнаны «6D011300-Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Жаратылыстану және география институты
педагогика ғылымдарының докторы, профессор



РАСТАЙМЫН: Абай атындағы Қазақ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
СЫБЕРЯЮ: Ж.Б. Чилдибаев
КОЛЫ ПОДЛИСЬ